



010000, Астана қаласы
Есіл ауданы, Министрліктер үйі
Орынбор көшесі, 8 үй, 14 кіреберіс
тел.: 8(7172) 74-10-12, 8(7172) 74-03-64
e-mail: mic@mic.gov.kz

010000, город Астана
Есильский район, Дом Министерств
ул. Орынбор, дом 8, подъезд 14
тел.: 8(7172) 74-10-12, 8(7172) 74-03-64
e-mail: mic@mic.gov.kz

№ исх: 01-17/Д-843 от: 05.05.2017

№

2017 жылғы 6 сәуірдегі
№ ДС-93 хатқа

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
«Нұр Отан» фракциясының мүшесі
Б. Смағұлға**

Құрметті Бақытбек Смағұлұлы!

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздің әзіл-сықақ бағдарламаларға қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Бірінші сұрақ бойынша. *Осы бағыттағы телебағдарламаларға «Көңілділер мен тапқырлар клубының» әзілкештерін гана емес, мәдениет саласындағы көрерменге риясыз күлкі сыйлап, қазақы қалжыңның майын тамызып, өнердің бел ортасында жүрген сатириктер мен сықақшыларды, маман-сценаристерді және жазушыларды кеңінен тарту жайына көңіл бөлген жөн.*

Мемлекеттік телеарналардың ішкі регламенттеріне сәйкес тақырыптық бағдарламаларға, оның ішінде әзіл-сықақ тележобаларға шығармашылық ұжымдар мен белгілі тұлғалардың қатысуы қарастырылған. Аталған жұмыстар конкурстық негізде телеарналар жанындағы көркемдік кеңес арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, әзіл-сықақ бағдарламалардың идеологиялық ресурс, ақпарат көзі ретіндегі әлеуетін толық әрі ұтымды пайдалану мақсатында, алдағы уақытта «Қазақстан» телеарнасы тарапынан сатириктер, сықақшылар, сценаристер және жазушылар арасында кастинг ұйымдастырылады. Осы арқылы, кастинг жеңімпаздары телебағдарламаларда қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Екінші сұрақ бойынша. *Отандық сапалы әзіл-сықақ және ойын-сауық телеөнімдері өндірісін дамыту мақсатында Ақпарат және коммуникациялар, Мәдениет және спорт министрліктерінің бірлескен іс-шараларды әзірлеп, қабылдау мәселесін қарастыруды ұсынамын.*

Министрлік тарапынан отандық әзіл-сықақ және ойын-сауық телеөнімдері өндірісін дамыту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, аталған тақырып мемлекеттік ақпараттық саясаттың «Қазақстан Республикасының 2030

жылға дейінгі мемлекеттік мәдени саясатының тұжырымдамасын ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру, мәдени-ойын-сауық және танымдық форматтарды өндіру» бағыты бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен, қазіргі таңда, республикалық телеарналарда аталған бағытта келесі бағдарламалар көрсетілуде: «Жайдарман», «Әзіл әлемі» («Қазақстан»), «Молодежное юмористическое шоу», «Қызық times», «Ду думан» («Хабар») және басқа.

2016 жылғы мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында «Это Казахстан, детка» телебағдарламасы мен «Женатики» телесериалы түсірілді.

Сонымен қоса, телеарналар тарапынан отандық әзіл-сықақ театрларының шығармашылық кештері тұрақты түрде көрсетіледі. Оның ішінде, «Тамаша», «Алдараспан», «Шаншар», «Нысана» және басқа да әзіл-сықақ театрлар.

Сонымен қатар, 2017 жылғы 27 наурызда тұңғыш отандық «Ел арна» кино телеарнасы өз жұмысын бастады. Аталған телеарнада «Қазақфильм» АҚ түсірген және мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында дайындалған телеөнімдер көрсетілуде. Атап айтқанда, «Алдар көсе», «Бәсеке» телесериалдары мен «Шабандоз қыз», «Үш күн мереке» фильмдері және т.б.

Министрліктің ұйымдастыруымен 2017 жылғы 17 наурызда отандық телевизия саласында алғаш рет «Тұмар» I Ұлттық телевизиялық бәйгесі (бұдан әрі – Телевизиялық бәйге) өткізілді. Телевизиялық бәйге ақпараттық алаңға үлкен серпіліс туғызды. Телевизиялық бәйге 12 номинациядан тұрып, оның ішінде «Үздік әзіл-сықақ бағдарламасы» номинациясы қарастырылды.

Аталған номинация бойынша сайысқа түскен 4 бағдарламаның ішінен «Балапан» телеарнасының «Күлегеш» бағдарламасы жеңімпаз атанды.


Сонымен қатар, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі әзіл-сықақ бағытындағы телебағдарламаларға өнердің бел ортасында жүрген сатириктер мен сықақшыларды, атап айтқанда, Көпен Әмірбек, Толымбек Әлімбекұлы секілді кәсіби мамандарды тартуды ұсынды.


Жалпы алғанда, Министрлік тарапынан әзіл-сықақ және ойын-сауық телеөнімдері өндірісін дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп отырғанын атап өтеміз.

Сондай-ақ Министрлік Сіздің белсенді азаматтық ұстанымыңыз бен отандық телевизиялық контентті дамыту жөніндегі ұсынысыңыз үшін алғысын білдіреді.

Министр

Д. Абаев

 А. Теміров

 74-04-69

 A.Temirov@mic.gov.kz